

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 20 мамыр N 549. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.09.13. N 1114 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1526 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Аумақтық қазынашылық басқармалары мен бөлімшелері заңды тұлғалар болып табылады, өздерінің шығыс сметалары, Қазақстан Республикасының Ұлттық банк мекемелерінде ағымдағы шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, өздерінің атаулары қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрлері болады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылығы органдарын ұстау мемлекеттік басқару органдарын ұстауға көзделген республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің саны - 80 адамға, Министрдің орынбасарының саны - бір адамға көбейтілсін.

4. Аумақтық қазынашылық басқармалары мен бөлімшелерінің штат саны 3220 адам болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылы мемлекеттік басқару органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарын ұстауға қажетті қаражат бөлсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық органдарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қызметкерлері үшін белгіленген еңбекақы төлеу шарттары мен тәртібі қолданылсын.

7. 1994 жылға арналған республикалық бюджетті дәлдеу кезінде қазынашылық органдарын жарақтандыру үшін компьютерлер мен техникалық

құралдар сатып алуға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қаражат
б ө л у к ө з д е л с і н .

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі республикалық бюджеттің кассалық жағынан атқарылуының есебін қатар жүргізсін, осы жұмысты ұйымдастыруда қазынашылық органдарына әдістемелік және практикалық көмек
к ө р с е т с і н .

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Бас қазынашылық басқармасының құрылуына және осы басқармаға берілген міндеттер мен функциялардың айқындалуына байланысты министрліктің орталық аппаратында қажетті құрылымдық өзгерістер енгізсін;

үстіміздегі жылдың аяғына дейін жер жерде аумақтық қазынашылық басқармалары мен бөлімшелерін құру, оларды қаржы-кредит (банк) мекемелерінде жұмыс істеуге икемі бар мамандармен толықтыру жөнінде ұйымдастыру шараларын жүргізсін және келешекте қазынашылықты басқарудың компьютерлендірілген жүйесін құруды ескере отырып компьютерлендіру мәселелерін шешетін болсын.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстардың Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас қазынашылығы басқармасын, аумақтық қазынашылық басқармалары мен бөлімшелерін қызмет үйлерімен және байланыс құралдарымен қамтамасыз еті мәселесін шешсін, олардың қалыпты жұмыс істеуіне қол ұшын беріп, көмек
к ө р с е т с і н .

11. Халықаралық қарды ұйымдары мен шет елдердің консультациялық, техникалық және қаржы көмегін бағыттау кезінде Қазақстан Республикасының қазынашылығын компьютерлендіру мен оған кадрлар даярлау бағдарламаларына басымдық беру тиімді деп

саналсын.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Әділет министрлігімен келісе отырып бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1522 Жарлығынан туындайтын өзгерістер мен толықтыруларды қолданылып жүрген заңдарға енгізу туралы ұсыныс әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне түсірсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 20 мамырдағы

№ 549 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

қазынашылығы туралы

Ереже

1. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігінің қазынашылық органдарының орталықтандырылған жүйесі (бұдан әрі - қазынашылық) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас қазынашылығы басқармасынан және облыстар, Алматы және Ленинск қалалары, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша бағынышты аумақтық қазынашылық органдарынан тұрады.

Қазынашылық органдары (Бас басқармадан басқасы) заңды тұлғалар болып табылады, өздерінің шығыс сметалары, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мекемелерінде ағымдағы шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өздерінің атаулары қазақ әрі орыс тілдерінде жазылған мөрлері болады.

2. Бас қазынашылық басқармасының бастығы лауазымы бойынша әрі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары болып табылады, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Облыстар, Алматы және Ленинск қалалары, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша аумақтық қазынашылық басқармалары мен бөлімшелерінің бастықтарын Бас қазынашылық басқармасы бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

3. Қазынашылық өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрықтары (қаулылары) мен өкімдерін басшылыққа алады.

4. Біртұтас қазынашылық шотқа, қазынашылық органдарының аймақтық шоттары мен бюджеттік мекемелердің және республикалық бюджеттегі ұйымдардың шоттарына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мекемелері

кассалық қызмет көрсетеді.

5. Қазынашылық органдары өздерінің жұмысында бюджет түрлері арасында өзара есеп айырысу мәселелері бойынша және бюджет жүйесінің жайы туралы қажетті ақпарат жинау ісінің барысында жергілікті өкілдік және атқару органдарымен бірлесіп іс-қимыл жасайды.

6. Қазынашылық республикалық бюджет пен мемлекеттік нысаналы қаржыландыру қорларының орындалу нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министріне дүркін-дүркін хабарлап тұрады.

2. Қазынашылықтың міндеттері мен функциялары

7. Қазынашылық органдарының негізгі міндеттері: республикалық бюджеттің кассалық жағынан атқарылуын ұйымдастыру, жүзеге асыру мен бақылау;

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мекемелерінде ашылған қазынашылықтың шоттарындағы ақша қаражатын, кассалардың бірлік ұстанымына қарай, басқарып отыру;

республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің арасындағы өзара есеп айырысуларды жүргізу;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы мемлекеттік қарызының қозғалысын есепке алу мен оған қызмет көрсету;

республикалық бюджет пен мемлекеттік нысаналы қаржыландыру қорларының арасындағы қаржы қатынастарын жедел басқарып отыру, оларды қаржы жағынан атқару және осы қорлардың қозғалысы мен пайдаланылуын бақылау;

мемлекеттік қаржының жайы туралы ақпарат жинау, оны өңдеу мен талдау және оларды жедел басқару ісінде пайдалану, мемлекеттік өкіметтің атқарушы органдарына бюджет шоттарының жайы туралы ақпарат беріп тұру;

мемлекеттік қаржы ресурстарының мөлшеріне қысқа мерзімді болжам жасау, осы ресурстарды жедел түрде басқару мен икемдеу;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы бухгалтерлік есеп пен есеп беруді жүзеге асыру және мемлекеттік өкіметтің атқарушы органдарына есеп түсіріп отыру;

қазынашылықтың құзыретіне жататын және мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың орындауы үшін міндетті мәселелер жөнінде, сондай-ақ бюджеттік жіктеу есепке алу операцияларын жүргізу тәртібі туралы әдістемелік және нұсқамалық материалдар әзірлеу болып табылады.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас қазынашылығы

басқармасы Қазынашылықтың аумақтық органдарының жұмысына басшылық жасайды және мынадай функцияларды орындайды:

бюджеттің кассалық жағынан атқарылуын жүзеге асырады, республикалық бюджет пен мемлекеттік нысаналы қаржыландыру қорларының арасындағы қаржы қатынастарын реттейді, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарын қаржыландырады ;

республикалық бюджет пен өкілді органдардың жергілікті бюджеттерінің арасындағы өзара есеп айырысулар мен бюджеттік несиелердің есебін жүргізеді;

республикалық және жергілікті бюджеттердің арасындағы реттелмелі табыстардың ставкаларын белгілейді;

бюджеттің атқарылуы туралы бухгалтерлік есеп пен есеп беруді жүргізу тәртібін белгілейді және жүзеге асырады, республикалық бюджет пен нысаналы қаржыландыру қорлары қаражатының қозғалысын бақылауға алады;

әдістемелік нұсқамалық құжаттарды әзірлеп, бекітеді, қазынашылық құзыретіне жататын, мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың орындауы үшін міндетті мәселелер бойынша есеп жүргізу мен есеп беруді жасау тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының ұлттық банкімен бірге республиканың ішкі және сыртқы қарызының қозғалысын есепке алу және оған қызмет көрсету жөнінде операциялар жасайды, сондай-ақ Үкіметтің орталықтандырылған қаржы ресурстарын орналастыруды қайтарылатын ақылы негізде ұйымдастырып, жүзеге асырады ;

аумақтық қазынашылық органдарының жұмысына тексерістер мен тексерулер жасайды, жұмыс тәжірибесін қорытып, оны жақсарту жөнінде шаралар қолданады ;

Қазақстан Республикасы бюджетінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауындағы өзге де орталықтандырылған қаржы ресурстарының теңге түріндегі де, шетел валютасы түріндегі де кірісі мен шығысын басқаруды жүзеге асырады, банктер мен өзге де қаржы-кредит мекемелеріндегі шоттардағы қазынашылық қаражатына иелік етеді, сондай-ақ осы қаражатпен операциялар жасайды;

республикалық бюджет қаражатын қазынашылықтың аумақтық органдарының арасында қайта бөліп отырады;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері мен Үкіметтің қаржы ресурстарының жайы туралы ақпарат түсіреді ;

қазынашылықтың құзыретіне жататын мәселелер бойынша заң және өзге де нормативтік актілердің жобаларын әзірлеуді белгіленген тәртіппен жүзеге асырады ;

республикалық бюджеттің атқарылуына және нысаналы қаржыландыру қорларының қаражатына қатысты Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының сақталуына бақылау жасау жөніндегі аумақтық қазынашылық органдарының жұмысын ұйымдастырады;

аумақтық қазынашылық органдарының істелген жұмыс туралы есептерін алады, талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, олардың қызметіне тексеру жасауды ұйымдастырады, беті ашылған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықты жою жөнінде шаралар қолданады;

шет елдердегі қазынашылық қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделейді және оны іс жүзінде пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

қазынашылық органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады ;

қазынашылықтың біртұтас телекоммуникациялық ақпарат жүйесін енгізуді ұйымдастырады және оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас қазынашылығы басқармасына ведомстволық бағыныстағы мекемелер бола отырып облыстар, Алматы және Ленинск қалалары бойынша аумақтық қазынашылық органдары өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

атқарушы өкіметтің тиісті органдарымен, салық, құқық қорғау органдарымен және банкілермен өзара іс-қимылда бақылау функцияларын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы республикалық бюджеті қаражатының, тиісті аумақтарға қызмет ететін қазынашылықтың есеп шоттарындағы нысаналы қаржыландыру қорлары қаражатының қозғалысы жөніндегі операциялардың есебін жүргізеді ;

республикалық бюджеттің кірісі мен шығысының атқарылуы туралы ақпарат пен есеп-қисап жинауды, өңдеуді және оларды жоғары қазынашылық органдарына тапсыруды жүзеге асырады;

өздеріне жүктелген функцияларды орындау барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мекемелерімен және өзге де қаржы-кредит мекемелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

10. Аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша аумақтық қазынашылық органдары мынадай негізгі функцияларды атқарады:

республикалық бюджеттің және республикалық бюджеттің құрамына енгізілген нысаналы қаржыландыру қорларының атқарылуын жүзеге асырады;

бекітілген бюджетке сәйкес мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды ұстауға арналған қаражатты қатаң нысаналы түрде бөліп отырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мөлшерде республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің арасындағы реттелмелі табыстарды бөлуді жүзеге асырады ;

республикалық бюджеттің кірісі мен шығысының және республикалық бюджеттің құрамына енгізілген нысаналы қаржыландыру қорлары қаражатының атқарылуы туралы бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп-қисап жасайды;

жоғары тұрған аумақтық қазынашылық органына есеп пен есеп беру деректерін тапсырады және бухгалтерлік есеп пен есеп беру деректерінің дұрыстығы үшін жауап береді;

салық инспекцияларының қорытындысы бойынша республикалық бюджетке артық төленген немесе дұрыс төленбеген (есептелген) салықтар мен табыстарды қайтарады (есепке алады);

өздерінің қызметін жергілікті қаржы салық органдарымен үйлестіріп отырады .

3. Қазынашылықтың құқықтары мен міндеттері

11. Негізгі міндеттерді орындау және бюджет тәртібін нығайту мақсатында қазынашылық органдарының:

министрліктерде, ведомстволарда, кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде Үкіметтің қаржы ресурстарын есептеумен, аударумен және пайдаланумен байланысты ақша құжаттарына тексеру жүргізуге;

республикалық бюджеттен бөлінген және өз мақсатымен пайдаланылмайтын қаражатты бюджетке шүбәсіз түрде министрліктерден, ведомстволарда, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден өндіріп алуға (қайтарып алуға);

республикалық бюджеттің кірісіне түсетін қаражатты немесе республикалық бюджеттен тиісті банкілерге немесе қаржы-кредит мекемелеріне алушылардың есеп шоттарына аударылатын қаражатты банкілер немесе өзге қаржы-кредит мекемелері мезгілінде есептемеген жағдайда оларға санкциялар қолдануға құқығы бар .

12. Қазынашылық органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен нормативтік актілерін мүлтіксіз орындауға тиіс, заңдарда белгілеген тәртіппен айқындалған мемлекеттік және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің құпиялылығын сақтауға міндетті.

13. Банкілер мен өзге қаржы-кредит мекемелері бюджет қаражаты мен нысаналы қаржыландыру қорларының қаражатын депозит шоттарына уақытша орналастырғаны үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жасалған келісімдерде белгіленген мөлшерде проценттер төлейді.

Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің тапшылығын жабуға Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаражаты заң белгілеген тәртіппен қарызға алынған жағдайда қазынашылық дәл осылайша проценттер төлейді.

14. Қазынашылық басшысы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Бас қазынашылық басқармасының бастығы Қазақстан Республикасының қазынашылығына жүктелген міндеттер мен міндеттіліктің орындалуы үшін дербес жауап береді, өзінің орынбасарларының, осы Бас басқарманың құрылымдық бөлімшелері бастықтарының, сондай-ақ облыстар, Алматы және Ленинск қалалары бойынша қазынашылық органдары басшыларының жауапкершілік деңгейін белгілейді.

15. Бас қазынашылық басқармасының құрылымы мен штатын Қазақстан Республикасының ҚАржы министрі, ал аумақтық қазынашылық басқармаларының құрылымы мен штатын - өздеріне белгіленген адам саны мен еңбекақы қорын лимитінің шегінде осы басқармалардың бастықтары бекітеді.

16. Қазынашылық органдары "Мемлекеттік баж туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдай мен тәртіп бойынша мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылады.

4. Қазынашылық органдарына тексерістер жүргізу тәртібі мен мерзімі

17. Аумақтық қазынашылық басқармалары мен бөлімшелеріне бағыныштылық тәртібін жоғары тұрған қазынашылық органы 3 жылда кемінде бір рет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге органдар тарапынан да тексерістер жасалады.